

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы визалық талаптарды өзара жою туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1083 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылғы 19 маусымда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы визалық талаптарды өзара жою туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<b>Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі</b>	<b>K. Мәсімов</b>
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1083 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы визалық талаптарды өзара жою туралы келісім

(2014 жылғы 29 қарашада күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2014 ж., № 6, 58-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі (бұдан әрі «Тараптар» деп аталағы),

Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы достық қатынастарды нығайту ниетін басшылыққа ала отырып,

Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы азаматтарының жол жүру тәртібін оқайлатуға ұмтыла отырып, және

2007 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелеріне арналған визалық талаптар туралы келісімді назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1 - ба

Осы Келісімде қолданылатын «жол жүру құжаты» термині мыналарды білдіреді:

(а) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін:

- (i) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
  - (ii) қайтып оралуға арналған күелік.
- (b) Корея Республикасының азаматтары үшін:
- (i) Корея Республикасының паспорты;
  - (ii) қайтып оралуға арналған уақытша күелік.

2 - б а п

1. Бір Тарап мемлекетінің жарамды жол жүру құжаттарын иеленуші және екінші Тарап мемлекетінің аумағында еңбек немесе миссионерлік қызметпен айналысуға, оқу мекемелерінде оқуга немесе тұруға ниет білдірмеген азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағына келу, онда болу, кету және транзитпен өту үшін визалар алу талаптарынан босатылады. Әрбір осындай болудың мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күннен

а спайды .

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдарға екінші Тарап мемлекетінің аумағында рұқсат етілген болуының жалпы мерзімі күнтізбелік 180 (жүз сексен) күннің ішіндегі әрбір кезеңде күнтізбелік 60 (алпыс) күннен аспауға тиіс.

3. Бір Тарап мемлекетінің жарамды жол жүру құжаттарын иеленуші және осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағына келу ү ш і н в и з а а л у ғ а т и і с .

3 - б а п

Осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген адамдар Қазақстан Республикасының шекарасын және Корея Республикасының шекарасын халықаралық жолаушылар қатынастары үшін ашық өткізу пункттері арқылы кесіп өтеді.

4 - б а п

1. Бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болу кезінде жарамды жол жүру құжаттарын жоғалтқан немесе бұлдірген жағдайда, бұл туралы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына дереу хабарлауға тиіс.

2. Бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болу кезінде жарамды жол жүру құжаттарын жоғалтқан немесе бұлдірген жағдайда, өз мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі берген жеке басын куәландыратын және өз азаматтығының мемлекетіне оралуға құқық беретін жарамды құжаттардың негізінде, тиісті визалармен немесе осы мемлекеттің құзыретті органдарының басқа да рұқсаты негізінде осы мемлекеттің аумағынан тыс жерлерге ш ы ғ а д ы .

5 - б а п

Бір Тарап мемлекетінің жарамды жол жүру құжаттарын иеленуші және екінші Тарап мемлекетінің аумағынан форс-мажорлық мән-жайлар себебі бойынша осы Келісімнің 2-бабының 1-тармағында көрсетілген мерзім ішінде кетуге мүмкіндігі болмаған азаматтары мұндай себептердің құжаттамалық немесе өзге де сенімді растамасы болған жағдайда, осы мемлекеттің аумағында қажетті мерзім ішінде болу

үшін екінші Тарап мемлекетінің аумағында виза алуға жүргінеді.

6 - б а п

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болу кезінде осы Тарап мемлекетінің заңнамасын сақтауға және құрметтеуге міндетті.

7 - б а п

Бір Тарап мемлекетінің құзыретті органдары өз мемлекетінің аумағында болуы қолайсыз деп танылған екінші Тарап мемлекетінің азаматтарының келуінен бас тарту, қысқарту немесе олардың болу мерзімін тоқтату құқығын өзінде сақтайды.

8 - б а п

1. Эрбір Тарап қоғамдық тәртіпті, мемлекеттік қауіпсіздікті немесе тұрғындардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігі болған жағдайда, осы Келісімнің қолданысын толық немесе ішінәра тоқтата тұруы мүмкін. Екінші Тарап осындай шешім туралы ол күшіне енгенге дейін 72 (жетпіс екі) сағат бұрын жазбаша түрде хабардар етіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шараларды қолдану туралы шешім қабылдаған Тарап көрсетілген шаралардың жойылғаны және осы Келісімнің қолданысын қалпына келтіру туралы жазбаша түрде екінші Тарапқа кідіріссіз хабарлайды.

9 - б а п

1. Тараптардың құзыретті органдары осы Келісім күшіне енгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жарамды жол жүру құжаттарының үлгілерімен дипломатиялық арналар арқылы алмасады.

2. Тараптардың құзыретті органдары жол жүру құжаттарына өзгерістер енгізілгені туралы көрсетілген өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей бір-бірін хабардар етеді және бір уақытта екінші Тараптың құзыретті органдарына өзгерілген жол жүру құжаттарының үлгілерін береді.

1 0 - б а п

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты мәселелер бойынша Тараптар арасындағы кез келген даулар Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

1 1 - б а п

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік ресімдерді Тараптардың орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алғанған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жолдау арқылы осы Келісімнің қолданысын тоқтата алады. Осы Келісім екінші Тараптың осындай хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн өткеннен кейін өзінің қолданысын тоқтатады.

3. Осы Келісімге Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2014 жылғы 19 маусымда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, корей және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүргінетін болады.

<i>Қазақстан</i> <i>Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>	<i>К о р е я</i> <i>Үкіметі үшін</i>
---	------------------------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК